

ӘОЖ 343.2/.7

<sup>1</sup>Ш.Б. Маликова, <sup>2</sup>Б. Султанов\*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 1-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: s.baltabay@mail.ru

### Пенитенциарлық қылмыстылықтың кейбір себептері және жағдайлары туралы

Мақалада қылмыстылықтың бір түрі ретінде пенитенциарлық қылмыстылықтың себептері мен жағдайлары қарастырылған. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың себептерінің ерекшеліктері айқындалып, пенитенциарлық қылмыстылықтың себептеріне жіктеу жүргізілген.

Автор қасақана қылмыс жасауға негіз болатын жағдайларды екі топқа бөліп қарастырып, объективтік және субъективтік жағдайларды сипаттаған.

**Түйін сөздер:** пенитенциарлық қылмыстылық, бас бостандығынан айыру орындары, қылмыстық атқару мекемесі, қақтығыстар.

Sh. Malikova, B. Sultanov

#### About some reasons and conditions of penitentiary crime

In this article the reasons and conditions of penitentiary crime are considered. Analyzing features of the reasons of penitentiary crime, the author carries out their classification. The author opening conditions of penitentiary crime describes objective and subjective conditions of their commission.

**Keywords:** penitentiary crime, imprisonment places, criminal and executive establishments, skirmishes.

Ш.Б. Маликова, Б. Султанов

#### О некоторых причинах и условиях пенитенциарной преступности

В данной статье рассматриваются причины и условия пенитенциарной преступности. Анализируя особенности причин пенитенциарной преступности, автор проводит их классификацию. Автор раскрывая условия пенитенциарной преступности описывает объективные и субъективные условия их совершения.

**Ключевые слова:** пенитенциарная преступность, места лишения свободы, уголовно-исполнительные учреждения, стычки.

Пенитенциарлық қылмыстылықтың себептері мен жағдайын қараудан бұрын, «пенитенциарлық қылмыс» ұғымына сипаттама беріп өтейік.

Пенитенциарлық қылмыс (латын сөзі, roenitentiarius – тәубесіне келген, түзелген) – қоғамнан мәжбүрлі түрде оқшауланған жағдайда жасалынатын, заңға қайшы қылмыстық әрекеттер жүйесі. Пенитенциарлық қылмыстылық – бұл бас бостандығынан айыру орындарындағы пенитенциарлық қылмыстар, яғни жасалған орнына байланысты ерекшеленетін қылмыстылықтың түрі. Бұл қылмыстылыққа түзеу колониясындағы, емдеу мекемесіндегі, қоныс колониядағы, тәрбие-

леу колонияларындағы, түрмедегі, тергеу изоляторындағы (қамаудағыларға қатысты бөлігінде) қылмыстардың жиынтығы жатады [1].

Бас бостандығынан айыру орнындағы қылмыстылық өздігінен қылмыстық рецидивтің ерекше бір түрі ретінде пенитенциарлық болып көріністабады. Бұл қылмыстардың кейбір түрлері тек қана жазасын өтеуші қамаудағылармен (немесе алдын ала қамаудағы адамдармен) жасалуы мүмкін: бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан, қамаудан қашу, жазасын өтеуден жалтару, қылмыстық атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау.

Басқа жағдайларда бұған жалпы қылмыстық әрекеттерде (адам өлтіру, ұрлықжәнет.б.) жатады,

бірақ жасалған қылмыстың субъектісіне қарай және нақты жағдайға байланысты айтарлықтай ерекшелікке ие. Бас бостандығынан айыру орындарына тән жасалатын қылмыстардың: жазадан жалтару; қамаудағылардың жалпы қылмыстық әрекеттері; қамаудағыларға тыйым салынған заттарды пайдалану; қылмыстық-атқару мекемесінің қызметіне қарсылық таныту сияқты түрлерін атап айтсақ болады [2].

Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың себептері айтарлықтай ерекшелікке ие және ол осындай жазалау түріне, яғни бас бостандығынан айыруға, мәжбүрлі түрде қоғамның аморальды адамдарын бір жыныстылардың қоғамына орналастырумен ерекшеленеді.

Түзеу колонияларындағы, тергеу изоляторы мен түрмедегі, мінездің дөрекіленуі, қамаудағылардың тұрғын жайының нашарлығы, өмір сүрудің төмен деңгейде болуы, әр қайсысының жеке дара болуы және психологиялық шиеленістің шарықтау шегіне жетуі қақтығыстардың үнемі өсіп отыруына жағдай жасайды. Көбінесе қақтығыстар жеке дара тұлғалардың арасындағы қатынастардан өрістеу алады, яғни бірін-бірі балағаттау және кемсіту, өзара келіскен міндеттемелерін орындамаудың, әсіресе қатаң режимдегі түзеу мекемелерінде және әртүрлі жергілікті топтардың келіспеушіліктерінің негізінде пайда болып отырады. Соңғы жағдайдағы топтардың мүшелері, басқа нақты бір топтардың мүшесіне жеккөрушілік ниеті болмаса да топтың көңілі мен нормаларына бағынады. Көптеген қақтығыстар асхана, жалпы мәдени іс-шаралар, төсек орнын бөліс және т.б. кездерде ресми емес түрдегі басты ережелерді бұзудың нәтижесінде пайда болады [2].

Қақтығыстардың 25%-ы қамаудағылардың қылмыс жасауымен аяқталады. Мұндай қақтығыстардың басым бөлігі қатаң және ерекше режимдегі колониялардың үлесіне келеді. Жалпы және қатаң режимдегі колонияларда күрделі қақтығыстардың саны айтарлықтай аз; жалпы режимдегі колонияларда олардың саны 10%-ды құрайды. Жалпы режимдегі колонияда қақтығыстардың барлық түрі орын алуы мүмкін, бірақ бұл қақтығыстар кішігірім, яғни жағдайлық қақтығыстар болып табылады [3].

Адам өлтіру және денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактісі бойынша жалпы және

қатаң режимдегі колониялардағы қылмыстар жағдайлық қақтығыстардың нәтижесінде пайда болады. Алғаш рет жазасын өтеуші тұлғалар жанжалға жақын тұрады және қарсы тараптың белсенді теріс қылық жасауына жағдайлар туғызады. Осындай жағдайлық қақтығыстар адам өліміне және денсаулыққа ауыр зиян келтіруге себеп болады. Жалпы және қатаң режимдегі колонияларда алғаш рет жазасын өтеушілермен болатын қақтығыстар – тез бітетін, жағдайлық және жиі болмаса да бір күнде шешілетін және эмоциялық түрдегі толқулар түрінде болады. Созылмалы қақтығыстар белгілі бір уақытқа дейін даму үстінде болады және қақтығыстық процестердің барлық сатысынан (басталуы, шарықтау шегі, аяқталуы) өтеді, бұл қатаң және ерекше режимдегі колонияларға тән. Жалпы және ерекше режимдегі колонияларда индивидуалды қақтығыстар (қамалушы-қамалушы), ал қатаң режимдегі колонияларда қамалушы мен топтастықтар арасындағы қақтығыстар орын алады.

Г.Ф. Хохряков былай деп топшалайды: «күшейтілген режимдегі колонияларда қамалушылар тарапынан жасалатын қылмыстар қауіптірек және ондағы қақтығыстар да аз. Бірақ бұл қақтығыстар созылмалы сипатқа ие. Әдетте олар қамалушы мен топтардың арасында орын алады да, ауыр қылмыспен аяқталады және қылмыскерлер адамды соңына дейін өлтіргенше әрекет етеді [4].

Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық себептерінің ішінде ерекше орынға түзеу мекемесі әкімшілігі қызметінің кемшіліктері мен ұқыпсыздығы ие. Мұндай жағдайлар қамаудағылардың одан әрі қылмыстық және күш қолданушылық әрекеттерді үдетуіне негіз болады.

Бас бостандығынан айыру мекемелері әкімшілігінің қазіргі таңдағы жағдайы қуантарлық емес және осының әсерінен қамаудағылар өз-өздеріне қалдырылған, яғни дұрыс қадағалану функциясынан тыс қалып отыр. Кейбір мекемелерде, әсіресе орталықтан алыстау жерлерде қылмыстық атқару заңнамаларының нормаларымен емес басқа субмәдениеттік, яғни негізінен күш қолдануға бағытталған түрмелік ережелер мен дәстүрлер бойынша реттеліп отырады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, бас бостандығынан айыру орындарындағы

қылмыстылықтың келесідей себептерін жіктеп көрсетуімізге болады:

1) түзеу мекемесі әкімшілігінде уақытылы және нақты қамалушылар арасындағы қақтығыстық жағдайлар туралы анық ақпараттың болмауы. Мәлім болған ақпарат көбінесе дұрыс тексерілмейді және оған немқұрайлы қаралады;

2) психологиялық және педагогикалық тұрғыдан түзеу мекемесі қызметкерлері біліктілігі дәрежесінің төмен болуы. Кей жағдайда қауіпті қамалушылармен алдын алу шараларын жүргізу кезінде қызметкерлердің кәсіптік біліктілігінің төмен болуы салдарынан шарасыз күй кешеді;

3) қамалушылар арасында пайда болған дауларды әділетсіз түрде шешу, яғни шешім күштілердің пайдасына шешіліп әлсіздердің құқығы тапталады;

4) әкімшілік тарапынан қылмыскерлер арасында пайда болған дауларға мүлдем араласпау;

5) әкімшіліктің жәбірленуші мен қысым көрушілерді қорғай алмауы және қорғауға ниеттерінің болмауы мекемедегі қамалушылардың өздерін еркін сезінуіне және бейбастықтың орын алуына себеп болады;

6) қылмыс фактілерін тіркеуден жасыру және оларға мән бермеу әсерінен қамалушылардың бойында дөрекілік пен қатігездіктің туындауы.

Колонияларда жасалатын қасақана қылмыстардың себептері мен жағдайының айырмашылығы бар. Себеп – қамаудағы тұлғаның субъективтік жағынан қылмыстық әрекет тудыруына жақын тұруы. Ал жағдай болса – бұл объективтік фактор, яғни басқа бір жағдайдың тууына негіз болатын және оны іске асыруға мүмкіндік туғызатын жағдайлар, оқиғалар, мән-жайлар.

Енді бас бостандығынан айыру орнындағы жазасын өтеушілердің қылмыстылығының субъективтік және объективтік факторларын қарастырып өтейік.

Субъективтік факторлар төмендегілерді қамтиды.

Әлеуметтік-демографиялық сипат: қылмыстардың көпшілігінің ер жыныстылармен жасалуынан; 18-24 жас аралығындағы; отбасы жоқ болмауынан; қамауға алынғанға дейін қамалушылардың көбісінде тұрақты тұратын жері және жұмысы болмағандықтан; қылмыстардың көпшілігінің жалпы орта білім алған тұлғалармен жасалуынан; түрмелік суб-

мәдениеттің әсері: түрмелік ережелер мен дәстүрлердің әсерінен көрініс табады.

Адамгершілік-психологиялық сипат: шынайылықтың, қызығушылықтың өзгертілген бейнесі, құндылықтар жүйесінің жалғандығымен; адам өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, зорлау, ұрлық, тонау және қарақшылық қылмыстарын жасаған адамдардың басым бөлігінде алкоголизм, психопатия, ми сүйегінің зақымдануы, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы сынды аурулардың болуымен сипатталады.

Қылмыстық-құқықтық сипатқа жазасын өтеу барысында қылмыс жасағандар, қамауға алынғандардың басым бөлігі бірнеше рет сотталғандар; сотталушылардың көпшілігі адам өлтіру немесе қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, қарақшылық, тонау не зорлау сияқты қылмыстар үшін қамалғандар жатады.

Қылмыстық-атқару сипаты: пенитенциарлық рецидив жасаған сотталушылардың 97,7%-ы жазаны өтеу тәртібін бұзады [5].

Объективті факторға: қолдан жасалған әлеуметтік қоғам; қамалушыларды ресми емес билігінің көлеміне, басқа қамаудағылармен қарым-қатынасының сипатына, өмір сүру түріне қарай бөлушілік және т.б.; қылмыстық субмәдениет; материалдық, рухани және басқа да құндылықтардың төмен деңгейі жатады [2].

Бас бостандығын айыру орындарындағы қылмыстардың жасалуына деген ниеттің пайда болуына және оның жүзеге асуына негізінен жағдайдың болуы үлкен маңызға ие.

Қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі ауыр қылмыстар жасауға жағдайдың болуы аталған мекеме қызметіндегі нақты кемшіліктердің болуында деп түсіну керек. Тергеу және сот органдары жұмысында, қазіргі таңдағы заңнамалық актілердегі кемшіліктердің болуы қамаудағылардың қылмыс жасауларына жеңілдіктер туғызады.

Колонияларда қасақана қылмыс жасауға негіз болатын жағдайларды екі топқа бөліп қарастырсақ болады: объективті және субъективті.

Объективті жағдайлар тобына: жазасын өтеуге байланысты ұйымдастырушылықтың дұрыс орынға қойылмауы; сотталушыларды қадағалау, жедел-ізвестіру шаралары; кадрламен жұмыс, тәрбиелеу шаралары, еңбек тәрбиелері, жалпы білім мен кәсіби техникалық білім беру жүйесін бір ізге келтірілмеуі; қылмыстылықпен

және басқа да сотталушылар арасындағы құқық бұзушылықпен күресу.

Субъективті жағдайлар тобына тұлғаның психикалық жағдайы; мінезінің дәрекі болуы; жүйкелік аурулар; білім деңгейінің төмен болуы жатады [4].

Бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі қылмыстылықтың алдын алудың шараларын қарастырып өтейік. Қамалушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, түзеу мекемесіндегі тәртіпті бір ретке келтіру, қақтығыстарды дер кезінде айқындап оларды әділ шешу, қамаудағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б. сияқты түрлері кездеседі.

Алдын алу шараларының ең тиімді түрі ретінде қамалушылардың діни тұрғыдан дұрыс ақпараттандыру тәсілі жатады. Шындығында діни наным сенім қамаудағылардың қатігездікке жақын мінез құлығын дұрыс бағытқа, мейірімділікке жетелейтін, тәубесіне келтіретін, өзінің істеген қылмысына қатты өкінетіндей рухани тұрғыдан көмек беретін діни уағыздар шарасын бір ізге келтіру қажет. Түрмеде болатын қақтығыстарды әділетті шешілуі үшін дін адамдарын тарту қажет, яғни қамаудағы адамдардың бір-біріне деген түсінушілікті,

жақсылықты, қадір-қасиетті рухани тұрғыдан арттыру керек. Дін мамандарының білімді және білікті болуы, қылмыстық ортадағы адамдармен жұмыс жасай алуы және психологиялық тұрғыдан білікті маман иесі болуы өте маңызды фактор болып саналады.

Айтылғандарды қорыта келе төмендегі түйінге келуге болады. Пенитенциарлық мекемелердегі қылмыстылық себептері әлеуметтік сипатқа ие. Қамаудағылардың қасақана ауыр қылмыс жасауына себеп болып әлеуметтік орта және сотталушының жеке тұлғалық қасиеттерінің объективті және субъективті факторлары табылады.

Пенитенциарлық мекемелердегі қасақана ауыр қылмыс жасаудағы себептердің негізгі элементі ретінде өзара тығыз байланыста болатын факторлардың бірі – сотталушылардың кейбірінің бұзақылық пен қатыгездікке бағытталған жеке тұлғалық қасиеттерінің терең бұзылуы қарастырылады.

Қамалушылардың бұзақылық пен қатыгездікке бағытталған жеке тұлғалық қасиеттері мен нақты жағдайдың өзара байланысының нәтижесі колониялардағы жазасын өтеушілермен жасалатын қасақана ауыр қылмыстарға негізгі себеп болып табылады.

#### Әдебиеттер

- 1 Громов В.Г. Пенитенциарная преступность. / <http://www.nauka-pravo.org/m/articles/view/http://blackarmy.ru/legal/mesprest.htm>
- 2 <http://blackarmy.ru/legal/mesprest.htm>
- 3 Шиханцов Г.Г. Криминология. – Минск, 2006. / <http://edu.grsu.by/books/criminal/>
- 4 Хохряков Г.Ф. Криминология. – М., 2000. – 332 с.
- 5 <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
- 6 Алауханов Е. Криминология. – Алматы, 2008. – 429 б.

#### References

- 1 Gromov V.G. Penitenciarная преступность. / <http://www.nauka-pravo.org/m/articles/view/http://blackarmy.ru/legal/mesprest.htm>
- 2 <http://blackarmy.ru/legal/mesprest.htm>
- 3 G.G. Shirhancov. Criminologiya. – Minsk, 2006. / <http://edu.grsu.by/books/criminal/>
- 4 G.F. RHorhpyakov. Criminologiya.- Moskva., 2000. - 332 p.
- 5 <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
- 6 E. Alaurhanov. Criminologiya. – Almaty: 2008. – 429 p.